

Жалданып жұмыс істейтіндердің саны мен жалақысы статистикасы жөніндегі НҰСҚАМА

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Ұлттық статистика агенттігінің 1996 жылғы 19 желтоқсандағы N 50 қаулысымен бекітілген. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 1997 жылғы 16 қаңтарда N 244 тіркелді. Күші жойылды - ҚР Статистика жөніндегі агенттігі Төрағасының 2002 жылғы 12 шілдедегі N 38-Г ~ V021953 бұйрығымен.

Қазақстан Республикасы Экономика

министрлігінің, Қаржы министрлігінің
Еңбек және әлеуметтік қорғау
министрлігінің, Ұлттық банкісінің,
Қазақстан Республикасы Бухгалтерлік
есеп жөніндегі ұлттық комиссиясының
Мемлекеттік салық комитетінің
келісуі бойынша

Жалданып жұмыс істейтіндердің саны мен жалақысы
статистикасы жөніндегі

НҰСҚАМА

1. Жалпы ережелер

1. Бұл Нұсқама барлық ұйымдар меншік нысанына қарамай еңбек жөніндегі есептер жасаған кезде басшылыққа алуға арналған. Мұның жалдамалы еңбекті пайдаланбайтын жеке ұйымдарға қатысы жоқ.

Статистикалық есеп объектілерін меншіктің немесе қызметтің ұйымдық-құқықтық нысанының белгілі бір түріне жатқызу тиісті классификаторға сүйеніп жүзеге асырылады.

2. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне (Жалпы бөлім) сәйкес заңды тұлға болып табылатын барлық ұйымдар өз бағынысына қарамай, сондай-ақ бірлестіктің құрамына кіретін, заңды тұлға статусы жоқ және басқа республиканың, облыстың территориясына орналасқан заңды тұлғалардың оқшауланған бөлімшелері еңбек жөніндегі есепті жасап, статистика органдарына

т а б ы с

е т у г е

т и і с .

2.1. Құрылымдық бірліктер, оқшауланған бөлікшелер (өндірістер, цехтар, бөлімшелер, учаскелер, фермалар, бригадалар, звенолар, бюролар, лабораториялар, т.с.с.) жөніндегі деректер өздері балансында тұрған ұйымның еңбек жөніндегі есебіне енеді.

2.2. Заңды ұйым болып табылатын және осы бас ұйым тұрған жерден басқа республиканың, облыстың территориясындағы ұйымның құрамына кіретін құрылымдық бірліктер статистикалық есепті міндетті түрде сол құрылымдық бірліктер тұрған жердегі статистика органына табыс етеді. Мұндай реттерде бас ұйым өзі тұрған жердегі статистикалық қызметке тұтас бірлестіктің есебімен қатар басқа республикалардың, облыстардың территориясындағы құрылымдық бірліктер жөніндегі деректері қосылмаған есеп береді.

2.3. Заңды тұлға статусы жоқ және ұйымнан шалған республиканың, облыстың территориясында тұрған, бас ұйымның құрамына кіретін оқшауланған бөлікшелерде (филиалдар, бөлімдер, т.с.с.) есептерін өздері тұрған жерге береді. Мұндай бөлікшелер жөніндегі деректер бас ұйымның есебіне енбейді.

Егер оқшауланған бөлікшелер әйтеуір бір себептермен өздері тұрған жердегі статистика органдарына есебін бере алмайтын болса, онда бас ұйым басқа республикаларда, облыстарда тұрған әрбір өз бөлікшесінің еңбек жөніндегі есептерін өзі тұрған жерге табыс етуге тиіс.

3. Еңбек жөніндегі статистикалық есеп белгіленген ай, тоқсан және жыл сияқты календарлық есеп беретін уақыт кезеңі ішінде сөзсіз жасалуға тиіс. Айлық есеп - есеп беретін айдың бірінші күнінен бастап, соңғы күні кезеңіне, тоқсандық есеп - тоқсанның бірінші айының бірінші күнінен бастап, есеп беретін тоқсанның үшінші айының соңғы күні кезеңіне, ал жылдық есеп сол жылдың 1-қаңтарынан бастап, 31-желтоқсаны кезеңіне жасалады.

4. Еңбек жөніндегі есептер бекітілген статистикалық есеп берулер нысандарында көзделген мерзімдер мен мекен-жайларға табыс етіледі.

Еңбек жөніндегі статистикалық есептерді белгіленген мерзімдерден кешіктіріп табыс ету есеп беру тәртібін бұзғандық болып есептеледі.

5. Еңбек жөніндегі статистикалық есептерді жасаған кезде қойылатын негізгі талаптар - есептің толық толтырылуы мен есептік деректердің дәлдігі. Есептегі деректердің дәлдігі мен оның уақтылы табыс етілуі үшін меншік нысанына қарамай ұйымдардың басшылары мен басқа да лауазымда адамдары белгіленген тәртіп бойынша тікелей жауап береді.

Ұйымдардағы еңбек жөніндегі статистикалық есеп бастапқы есепке алу құжатының жетілдірілген нысандары негізінде жасалуға тиіс. Еңбек жөніндегі бастапқы есепке алу құжатының негізгі нысандары: жұмысқа қабылдау, басқа жұмысқа ауыстыру, еңбек шартын тоқтату туралы бұйрықтар (жарлықтар); жеке карточкасы; демалыс беру туралы арызы; жұмыс уақытын пайдалану есебі мен

жалақы табелі; есептөлем ведомостары; төлем ведомостары; бет есеп шоттары мен белгіленген тәртіппен бекітілген басқа да құжаттар.

6. Жұмыс уақытын пайдалану есебінің табелінде жұмысқа келмеу себептері, толық емес жұмыс күні, мерзімнен артық жұмыс істеу және белгіленген жұмыс режимімен басқа да ауытқулар туралы белгілер тиісінше ресімделген құжаттар (еңбекке жарамсыздық туралы, босқа түрі туралы парақтар, мемлекеттік немесе қоғамдық міндеттерді атқарғаны туралы анықтамалар, т.с.с.) негізінде ғана
с о ғ ы л у ғ а т и і с .

7. Есепті кезең ішінде құрылымдық бірліктер мен жекелеген бөлікшелер бір ұйымнан екіншісіне берілген жағдайда берген ұйымның еңбек жөніндегі статистикалық есебінде аталған деректер жыл басынан бергі кезең үшін алып тасталып, бұл құрылымдық бірліктер мен бөлікшелер құрамына кірген ұйымның есебіне жыл басынан енгізіледі.

Есепті кезең ішінде ұйым немесе әйтеуір бір құрылымдық бөлікше тараған жағдайда олар жұмыс істеген уақыт ішіндегі (жыл басынан тараған кезге дейінгі) деректер еңбек жөніндегі есептен шығарылмайды және жыл аяғына дейін е с е п т е л е д і .

Ескерту. Занды ұйым өз қызметін заңды ұйымдардың мемлекеттік регистріне бұл туралы жазу жазылғаннан кейін тоқтатқан деп саналады.

Ұйым ұйымдық-құқықтық нысанын өзгерткен жағдайда оның жаңа статусы бойынша деректер осы өзгеріс болған айдан бастап есептеледі, жыл басынан бергі айлардағы деректер бұрынғы статусы бойынша еңбек жөніндегі есептен шығарылмайды.

8. Есепті кезеңде кәсіпорынның құрылымы немесе еңбек жөніндегі көрсеткіштерін анықтау әдістемелігі өзгерген жағдайда өткен жылдың тиісті кезеңіндегі деректер есепті кезеңде қабылданған құрылым немесе әдістеме бойынша к е л т і р і л е д і .

9. Еңбек жөніндегі есептерде қосып жазушылық және басқа бұзушылықтар анықталған жағдайда ұйымдар есептік деректерді әлгі қосып жазушылық пен басқа да бұрмалаушылықтар орын алған есепті кезеңдегі (айдағы, тоқсандағы, жылдағы) есептерде үдемелі қорытынды деректер бойынша, сондай-ақ бұдан кейінгі барлық есептерде жөндейді.

2. Қызметкерлердің тізімдік құрамы

10. Ұйым қызметкерлерінің тізімдік құрамына тұрақты, маусымды, сондай-ақ бұл күнге не одан да ұзағырақ мерзімге жұмысқа алынған барлық қызметкерлер жұмысқа қабылданған күннен бастап енгізілуге тиіс. Мұның өзінде шын мәнінде жұмыс істеушілер де, сондай-ақ уақытша жұмыс істемейтіндер, бірақ жұмыста

деп саналушылар да ескеріледі.

11. Тізімдік құрамға мынадай қызметкерлер енгізіледі:

11.1. Шын мәнінде жұмысқа келгендер, сонымен қатар бостекі тұруы себепті жұмыс істемегендер;

11.2. жұмысқа сынақ мерзімге қабылданғандар. Бұл қызметкерлер тізімдік құрамға жұмысқа шыққан алғашқы күннен бастап енгізілуге тиіс;

11.3. толық емес жұмыс күнінен немесе толық емес жұмыс аптасына жұмысқа қабылданғандар. Бұл қызметкерлер тізімдегі санда жұмысқа қабылданған кезде келісілген аптаның жұмыс емес күндерін қосқанда тұтас бірліктер есебінде әрбір календарлық күн үшін есептеледі (23-тармақты қараңыз);

Бұл санға сондай-ақ әкімшіліктің инициативасы бойынша толық емес жұмыс күніне (аптаға) көшірілген қызметкерлер де қосылады.

Ескерту. Бұл топқа Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жұмыс уақытының қысқартылған ұзақтығы белгіленген жекелеген қызметкерлер категориялары, атап айтқанда, 18 жасқа толмағандар, еңбек жағдайлары зиянды жұмыста істейтіндер, нәрестесін емізу үшін қосымша үзілістер берілген әйелдер жатпайды.

11.4. қызмет бабындағы іссапарда жүргендер, сондай-ақ шет елдерде қызмет бабымен қысқа мерзімді іссапарда жүргендер, егер оларға сол ұйымдағы жалақысы сақталатын болса;

11.5. ұйыммен жұмысты үйінде отырып атқару туралы еңбек шартын жасағандар. Қызметкерлердің тізімдік санына оларға әрбір календарлық күн тұтас бірлік ретінде есептеледі (24-тармақты қараңыз);

11.6. ұйымнан тыс жерлерде наряд бойынша жұмыс істейтіндер, егер олар жалақыны осы ұйымнан алатын болса;

11.7. жұмыстарды вахталық әдіспен орындауға жіберілгендер;

11.8. жұмыстарды азаматтық-құқықтық сипатта жасалған шарттар (мердігерлік шарттар) бойынша орындаушылар, егер атқарылған жұмыс үшін тікелей ұйымның өзі есеп айырысатын болса және бұл қызметкерлер басқа ұйымдардың тізімінде жоқ болса (13.2-тармақты қараңыз);

11.9. жұмыста жоқ қызметкерлердің (ауырғанына, екіқабат болуына не бала тууына байланысты демалыста немесе нәрестені бағын-қағуға байланысты демалыста жүргендердің) орнына қабылданғандар;

11.10. басқа ұйымдардан жұмысқа уақытша шақырылғандар, егер оларға негізгі жұмыс орнында жалақы сақталмайтын болса;

11.11. қарттар мен мүгедектерге арналған интернат-үйлерде тұратын, кіші дәрігерлік персонал қызметіне немесе осы мекемелерге жұмысшы болып толық емес жұмыс күніне қабылданған қарт азаматтар мен мүгедектер;

11.12. ұйымда өндірістік практикада жүрген және жұмыс орнына немесе қызметке қабылданған жоғары және арнаулы орта оқу орындары мен кәсіптік-техникалық мектептердің студенттері (оқушылары);

11.13. жоғары оқу орындарының ғылыми-зерттеу секторларында жұмыс істейтін жоғары оқу орындарының күндізгі бөлімшелерінің студенттері мен аспиранттары, егер олар штаттық қызметтерге қабылданса;

11.14. ұйымның балансындағы ведомстволық (салалық) кәсіптік-техникалық мектептердің оқушылары;

11.15. Қазақстанның территориясында орналасқан бірлескен кәсіпорындарда немесе объектілер мен басқа да ұйымдардың немесе келісім бойынша жұмыс істеп жатқан басқа елдердің жұмысшылары мен мамандары, егер олардың еңбегіне Қазақстан Республикасының заңдары бойынша ақы төленетін болса.

12. Сондай-ақ тізімдік құрамға ұйымда уақытша жұмыс істемейтін қызметкерлер де енгізіледі:

12.1. жұмысқа ауруына байланысты келмегендер (еңбекке жарамсыздық парағына сәйкес жұмысқа шыққанға дейін ауырған бүкіл кезеңіне немесе мүгедектікке шыққанға дейін);

12.2. мемлекеттік және қоғамдық міндеттері орындауға байланысты жұмысқа шықпағандар;

12.3. ауыл шаруашылығы және басқа жұмыстарға уақытша жегілгендерге, егер олардың негізгі жұмыс орнында жалақысы толық немесе ішінара сақталатын болса;

12.4. тәуліктік және пәтерлік ақылар орнына негізгі жұмыс орнында орташа жалақы сомасы Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген мөлшерде сақталатын, астық және басқа ауыл шаруашылық өнімдерін тасып, жинау үшін іссапарда жүргендер (автомобиль жүргізушілері, автоколонналардың жөндеушілері, механиктері, бастықтары, автомобиль шаруашылықтарының диспетчерлері, тракторшы-машинистері, т.с.с.) (21.3-тармақты қараңыз);

12.5. тәуліктік және пәтерлік ақылар орнына негізгі жұмыс орнында жалақысына үстеме Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген мөлшерде төленетін, құрылыс, монтаждау және реттеу жұмыстарын орындау үшін іссапарға жіберілгендер (21.4-тармақты қараңыз);

12.6. біліктілігін көтеру институттары мен факультеттеріне, оқу комбинаттарына, курстарына біліктілігін көтеру үшін немесе жаңа кәсіп (мамандық) алу үшін жұмыстан босатылып жіберілгендер, егер олардың жалақысы сақталатын болса;

12.7. жыл сайынғы ақы төленетін демалыста, заңда, ұжымдық шарттарда немесе өзге де жергілікті нормативтік актілерде көзделген реттерде жыл сайынғы қосымша демалыстарда жүргендер;

12.8. екіқабат болуына және бала тууына, сондай-ақ тікелей әйелдер босанатын үйден жаңа туған нәрестені бала ғып алуына байланысты демалыста жүргендер (21.1-тармақты қараңыз);

12.9. нәрестені Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жасқа жеткенше бағып-қағу жөніндегі ішінара ақы төленетін демалыста, сондай-ақ жалақысы сақталмайтын қосымша демалыста жүргендер (21.2-тармақты қараңыз) ;

12.10. кешкі және сырттай жоғары және арнаулы орта оқу орындарында, сырттай аспирантурада, кешкі (ауысымды) және жалпы білім беретін мектептерде, кешкі (ауысымды) орта кәсіптік-техникалық мектептерде оқитындар, жалақысы толық немесе ішінара сақталған оқу демалысында жүргендер (21.6-тармақты қараңыз);

12.11. кешкі және сырттай жоғары және арнаулы орта оқу орындарының соңғы курстарында оқитындар, жалақысы сақталмаған қосымша демалыста жүргендер, сондай-ақ жоғары немесе арнаулы орта оқу орындарына түсуші қызметкерлер, түсу емтихандарын тапсыру үшін жалақысы сақталмаған демалыста жүргендер (21.6-тармақты қараңыз);

12.12. кешкі және сырттай жоғары және арнаулы орта оқу орындарында, сондай-ақ жалпы білім беретін кешкі (ауысымды) мектептерде оқитындар, өздеріне берілген қосымша бос күндерде жұмысқа келмегендер, бұл күндері оларға жалақысы сақталуына немесе сақталмауына қарамастан;

12.13. отбасы жағдайына және басқа да дәлелді себептерге байланысты (қызметкердің өтініші бойынша) жалақысы сақталмаған қысқа мерзімді демалыста әкімшіліктің рұқсатымен жүргендер;

12.14. әкімшіліктің инициативасымен жалақысы сақталмаған немесе ішінара сақталған демалыста жүргендер;

12.15. жалақысы сақталмаған қосымша демалыс алған Ұлы Отан соғысына қатысушылар; екі және одан да көп баласы бар; балаларын бағып-қағу үшін Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарына сәйкес жалақысы сақталмаған демалыс алған жұмыс істеуші әйелдер;

12.16. психиатрлық (спихоневрологиялық) мекемелердің наркологиялық бөлімдерінде жатқан және емдеу мақсатымен ұйымда еңбекке тартылған ескілікті алкогольизммен ауыратындар (21.5 және 22-тармақтарды қараңыз);

12.17. ұйым жұмысының графигіне сәйкес, сондай-ақ жұмыс уақытын жалпы есептеген кезде артық уақыт жұмыс істегені үшін демалыс күні бар қызметкерлер ;

12.18. демалыс немесе мереке (жұмыс емес) күндері істеген жұмысы үшін демалыс күн алғандар ;

12.19. санкциялы ереуілдерге қатысушылар;

12.20. қыдырымпаздыққа салынғандар және әкімшілік құқық бұзғаны үшін әкімшілік қамауға алынғандар;

12.21. сот шешіміне дейін тергеуде жатқандар;

13. Тізімдік құрамға кірмейтін қызметкерлер:

13.1. бір рет атқарылатын жұмыстар (медицина ұйымдарында дәрігерлердің ақыл-кеңес беруі, сарапшылық жұмыс, мүліктерді жөндеу, үйді ақтау, сырлау т.с.с.) үшін шақырылғандар;

13.2. азаматтық-құқықтық сипатта жасасқан шарттар (мердігерлік шарт) бойынша жұмыс істейтін қызметкерлер, егер олар басқа ұйымдардың тізімдерінде болса;

13.3. басқа ұйымдардан жұмысты қоса атқару үшін келгендер мен сондайлардың ерекше тізімінде тұратындар.

Ескерту. Бір ұйымда екі, бір жарым ставка немесе бір ставкадан кем алушы немесе бір ұйымның ішінде жұмысты қоса атқарушы ретінде ресімделген қызметкер тізімдік санда бір қызметкер деп есептеледі.

13.4. ұйымдардың жұмысына мемлекеттік ұйымдармен жұмысшы күшін тарту үшін жасасқан арнаулы шарт бойынша шақырылғандар, соның ішінде қоғамдық жұмыс үшін тартылған жұмыссыздар (22-тармақты қараңыз);

13.5. басқа кәсіпорынға уақытша жұмысқа жіберілгендер, егер олардың негізгі жұмыс орнындағы жалақысы сақталатын болса;

13.6. жоғары және арнаулы оқу орындарына ұйымның өзі жұмыстан босатып жіберіп, осы ұйымның қаржысы есебінен шәкіртпұл алатындар;

13.7. жаңадан іске қосылатын ұйымдарда жұмыс істеу үшін құрылыстың жиынтық сметаларында көзделген қаржылар есебінен оқуда (даярлықта) жүрген к е з д е ;

13.8. жоғары немесе арнаулы орта оқу орнын бітіріп, демалыста жүрген, өздері жұмысқа жіберілген ұйымнан демалыс уақыты үшін жәрдемақы алған жас м а м а н д а р .

Ескерту. Орта кәсіптік-техникалық мектептерді бітіргеннен кейін ұйымдарға жіберілген жас жұмысшылар ұйымның тізімдік құрамына жұмысқа қабылданған кезден, тіпті орта кәсіптік-техникалық мектептерді бітіргеннен кейін берілген демалыс уақытынан бастап енгізіледі.

13.9. жұмыстан шығу туралы арыз беріп, ескерту мерзімі өткенге дейін жұмысын тоқтатқан немесе жұмысын әкімшіліктің ескертуінсіз тоқтатқан қызметкерлер. Олар қызметкерлердің тізімдік құрамынан жұмысқа келмеген күннен бастап шығарылады.

14. Белгілі бір күнгі қызметкерлер саны бұл ұйымның тізімдік құрамдағы қызметкерлер санының есепті кезеңдегі белгілі бір күнгі, мәселен, айдың бірінші немесе соңғы күнгі көрсеткіші, онда сол күні қабылданғандарды қосады және

жұмыстан

кеткендерді

шығарады.

15. Кезең ішінде қызметкерлердің орта тізімдік санын анықтау үшін тізімдік құрамдағы қызметкерлер санының күн сайынғы есебі жүргізіледі, ол қызметкерлерді жұмысқа қабылдау, басқа жұмысқа ауыстыру және еңбек шартын тоқтату туралы бұйрықтар (жарлықтар) негізінде нақтылануға тиіс. Тізімдік құрамдағы қызметкерлердің әр күнгі саны қызметкерлердің жұмыс уақытын пайдалануын есепке алатын табельдің деректеріне сәйкес болуы қажет.

Есепті айдағы қызметкерлердің орташа тізімдік саны (орташа айлық саны) есепті айдағы әрбір календарлық күндегі, яғни айдың 1-нен 30 немесе 31 (ақпан айы үшін 28 немесе 29) күні және демалыс күндеріндегі тізімдік құрамының қызметкерлер санын қосу және алынған соманы есепті айдағы календарлық күндер санына бөлу жолымен есептеледі.

Демалыс немесе мереке (жұмыс емес) күндергі тізімдік құрамдағы қызметкерлер саны соның алдындағы жұмыс күнгі қызметкерлерінің тізімдік санына теңдей етіп қабылданады. Қатарынан екі немесе одан да көп демалыс немесе мереке (жұмыс емес) күндер болса, осы күндердің әрқайсысындағы қызметкерлер саны әлгі демалыс және мереке (жұмыс емес) күндердің алдындағы жұмыс күнгі қызметкер санымен теңдей етіп қабылданады.

16. Толық ай істемеген ұйымдардағы (мәселен, пайдалануға жаңадан берілген, таратылған, өндіріс сипаты маусымды т.с.с. ұйымдардағы) қызметкерлердің бір айдағы орташа тізімдік саны ұйымның есепті айдағы барлық жұмыс күндеріндегі жұмыс кезеңіндегі демалыс және мереке (жұмыс емес) күндерді қосқанда қызметкерлердің тізімдік санының қосындысын есепті айдағы календарлық күндердің жалпы санына бөлу жолымен анықталады.

Мысалы: Ұйым үстіміздегі жылдың 24-шілдесінен пайдалануға беріліп, жұмыс істей бастады. Бұл ұйымның тізімдік құрамындағы қызметкерлер саны мынадай болды: 24-шілдеде - 570 адам, 25 (сенбі) 570 адам, 26 (демалыс) - 570, 27 - 576, 28 - 575, 29 - 580, 30 - 580, 31-шілдеде - 583 адам.

Шілде айындағы тізімдік құрамының қызметкерлер санының қосындысы 4604 адам, шілдедегі календарлық күн саны - 31, демек шілдедегі қызметкерлердің тізімдік саны орташа 149 адам (4604:31).

17. Тоқсан ішіндегі қызметкерлердің тізімдік саны ұйымның тоқсандағы жұмыс істеген барлық айларындағы қызметкерлердің айлық орта санын қосу және алынған санды үшке бөлу жолымен анықталады.

Мысалдар: 1. Ұйымдағы қызметкерлердің орташа айлық саны қаңтарда - 620 адам, ақпанда - 640 адам, наурызда - 690 адам болды. Демек, 1-тоқсандағы қызметкерлердің орташа саны - 650 адам $(620+640+690):3$).

2. Ұйым наурызда ұйымдасып, жұмыс істей бастады. Наурыздағы қызметкерлердің орташа саны 720 адам. Демек, осы ұйым үшін 1-тоқсандағы қызметкерлер саны 240 адам ($720:3$).

18. Жыл басынан бері есепті айды қоса есептегенде қызметкерлердің тізімдік саны жыл басынан бері барлық өткен айлардағы қызметкерлердің орташа айлық санын қосу және жыл басынан бергі кезең ішінде ұйымның жұмыс істеген айларының санына әлгі қосындыны бөлу жолымен, яғни тиісінше 2.3.4. т.с.с. анықталады.

Мысалы: Ұйым наурызда жұмыс істей бастады. Қызметкерлердің орташа айлық саны наурызда - 690 адам болды. Демек, жыл басынан бергі кезеңдегі (5 айдағы) қызметкерлердің орта саны 360 адам ($(450+660+690):5$).

19. Жыл ішіндегі қызметкерлердің тізімдік саны есепті жылдың барлық айындағы қызметкерлердің орташа айлық санын қосу және алынған қосындыны 12-ге бөлу жолымен анықталады.

Мысалы:

Айлар	Қызметкерлердің орташа айлық саны	Айлар	Қызметкерлердің орташа айлық саны
Қаңтар	500	Шілде	560
Ақпан	496	Тамыз	570
Наурыз	500	Қыркүйек	565
Сәуір	515	Қазан	570
Мамыр	530	Қараша	580
Маусым	518	Желтоқсан	600

		6504	

Қызметкерлердің орташа жылдық саны 542 адам болды ($6504:12$).

20. Егер ұйым жылда толық істемесе (жұмыс сипаты маусымды болып немесе пайдалануға қаңтардан кейін беріліп, т.с.с.), онда қызметкерлердің орташа жылдық саны да ұйымның жұмыс істеген барлық айындағы қызметкерлердің орташа айлық санын қосып, әлгі қосындыны 12-ге бөлу ж о л ы м е н а н ы қ т а л а д ы .

Мысалы: Жұмыс сипаты маусымды ұйым жұмысын сәуірде бастап, тамызда аяқтады. Қызметкерлерді орташа айлық саны сәуірде - 641 адам, мамырда - 1254, маусымда - 1316, шілдеде - 820, тамызда - 457 адам болды. Демек, қызметкерлердің орташа жылдың саны 374 адам ($((641+1254+1316+820+457):12)$).

3. Қызметкерлердің орташа жалақысы мен басқа да орташа шамаларды есептеу үшін қабылданған саны

Орташа жалақыны, еңбек өнімділігі мен басқа да көрсеткіштерді анықтау үшін "қызметкерлердің орташа жалақысы мен басқа да орташа шамаларды есептеу үшін қабылданған саны" деген көрсеткіш пайдаланылады.

21. Осы көрсеткішті алу үшін қызметкерлердің тізімдік құрамындағы санына қызметкерлердің кейбір категорияларын шығару қажет. Мұндай қызметкерлерге

м ы н а л а р ж а т а д ы :

21.1. екіқабат болуына және бала тууына, сондай-ақ тікелей әйелдер босанатын үйден жаңа туған нәрестені бала ғып алуына байланысты демалыста жүрген әйелдер;

21.2 нәрестені Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жасқа жеткенше бағып-қағу жөніндегі демалыста (ішінара ақы төленетін, сондай-ақ жалақысы сақталмайтын қосымша демалыста) жүрген әйелдер;

21.3. тәуліктік және пәтерлік ақылар орнына негізгі жұмыс орнында орташа жалақы сомасы Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген мөлшерде сақталатын, астық және басқа ауыл шаруашылық өнімдерін тасып, жинау үшін іссапарда жүрген қызметкерлер (автомобиль жүргізушілері, автоколонналардың жөндеушілері, механиктері, бастықтары, автомобиль шаруашылықтарының диспетчерлері, тракторшы-машинистері, т.с.с.);

21.4. тәуліктік және пәтерлік ақылар орнына негізгі жұмыс орнында жалақысына үстеме Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген мөлшерде төленбейтін, құрылыс, монтаждау және реттеу жұмыстарын орындау үшін іссапарға жіберілген қызметкерлер;

21.5. психиатрлық (психоневрологиялық) мекемелердің наркологиялық бөлімдерінде жатқан ескілікті алкогольизммен ауыратындар.

Ескерту. 21.3, 21.4 және 21.5-тармақтарды көрсетілген қызметкерлер өздері келген ұйымдардың орташа жалақысын есептеу үшін қабылданатын қызметкерлер санында есепке алынады. Олар атқарған жұмыс үшін есептелген жалақы осы ұйымдардың тізімдік құрамындағы қызметкерлердің жалпы қорына қ о с ы л а д ы .

21.6. кешкі және сырттай жоғары және арнаулы орта оқу орындарында оқитын, оқу демалыстарында жүрген (жалақысы толық немесе ішінара сақталған немесе сақталмаған), сондай-ақ жоғары немесе арнаулы орта оқу орындарына түсетін, түсу емтихандарын тапсыруына байланысты жалақысы сақталмайтын демалыста жүрген қызметкерлер;

21.7. әкімшіліктің инициативасы бойынша жалақысы сақталмаған демалыста

ж ү р г е н

қ ы з м е т к е р л е р .

Ескерту. Орташа жалақысын есептеу үшін қабылданатын қызметкерлер санына әкімшіліктің инициативасы бойынша жалақысы ішінара сақталған демалыста жүрген қызметкерлер саны кіреді, оларға айда үшін нақты есептелген жалақы қорын ай үшін сол ұйымның бір жұмысшысының орташа жалақысына бөлу жолымен есептеледі.

22. Орташа жалақысы мен басқа да орташа шамаларды есептеу үшін қабылданған санға тізімдік құрамда жоқ мынадай қызметкерлер есептеледі: мемлекеттік ұйымдармен жасасқан арнаулы шарттар бойынша жұмыс істеуге (жұмысшы күшін беруге) шақырылған адамдар; психиатрлық (психоневрологиялық) мекемелердің наркологиялық бөлімдерінде емделуге жатқан және емдеу мақсатында ұйымға жұмысқа тартылған ескілікті алкогольизммен ауырғандар. Мұндай қызметкерлердің есепті саны олар ай үшін нақты есептелген жалақы қорын сол ұйымдағы бір жұмысшының орташа айлық жалақысына бөлу жолымен анықталады.

23. Орташа жалақыны есептеу үшін қабылданатын санды анықтаған кезде жұмысқа толық емес жұмыс күнінен немесе толық емес жұмыс аптасына қабылданған (ауысқан) қызметкерлер нақты жұмыс істеген уақытына пропорционалды мынадай тәртіппен есепке алынады:

осы қызметкерлер істеген адам-күндердің жалпы саны анықталады, ол үшін есепті айда істеген адам-сағаттардың жалпы саны жұмыс күнінің белгіленген ұзақтығына бөлінеді. Содан кейін қызметкерлердің санын анықтайды, ол үшін істеген адам-сағаттардың санын есепті айдағы календарь бойынша жұмыс күнінің санына бөледі (11.3-тармақты қараңыз).

24. Орташа жалақыны есептеу үшін қабылданған қызметкерлер санына үйінде жұмыс істейтіндердің есепті саны кіреді, ол оларға ай ішіндегі нақты есептелген жалақы қорын есепті айда негізгі қызметтегі бір жұмысшының орташа жалақысына бөлу жолымен есептеледі.

25. Орташа жалақыны есептеу үшін қабылданған санды айда, тоқсанда, жылда толық істемеген ұйымдар бойынша есептеу тәртібі 15-30-тармақтарда көрсетілген тәртіппен бірдей.

4. Ұйымның негізгі және қосалқы қызметіндегі персонал

26. Көп салалы қызмет атқаратын ұйымдардың еңбек жөніндегі есебінде қ ы з м е т к е р л е р :

негізгі қызметпен шұғылданатын;
қосалқы қызметтен (қызмет көрсететін және өзге де шаруашылықтармен) шұғылданатын персонал болып бөлінеді.

Төменде өнеркәсіп, құрылыс және ауыл шаруашылық ұйымдарындағы қызметкерлерді негізгі немесе қосалқы қызметтегі персоналға жатқызу тәртібі келтірілген.

Ескерту. Мысал ретінде материалдық өндірістік жетекші салалары келтірілген. Бұлайша бөлу басқа салаларда да осындай тәртіппен жүзеге асады.

27. Өнеркәсіп ұйымдарындағы персонал екі топқа бөлінеді: өнеркәсіп-өндірістік персонал (негізгі қызмет персоналы); өнеркәсіп ұйымының балансында тұратын өнеркәсіптік емес ұйымдардың персоналы (қосалқы қызмет персоналы).

28. Ұйымның өнеркәсіп-өндірістік персоналының санына мыналар енеді:

28.1. негізгі және қосалқы цехтардың қызметкерлері, сондай-ақ күш, құрал-сайман, компрессор, бумен-сумен жабдықтау цехтарының, т.с.с. қызметкерлері;

28.2. ағаш дайындау, шым тезек өндіру, карьерлердің ыдыс цехтары, құрылыс материалдарын жасау, т.с.с. қосалқы өндірістердің баспаханалардың қызметкерлері;

28.3. электр және жылу жүйелерін, шағын станцияларды күтіп-ұстайтын (пайдалану және жөндеу) қызметкерлер, энергия басқармалары өндірістік қызметтерінің қызметкерлері;

28.4. ұйымдардағы көлік (темір жол, автомобиль, су және көліктің басқа да түрлері) цехтарының, басым көпшілігінде өндірісті күтіп-ұстау қызметкерлері;

28.5. тиеу-түсіру жұмыстарымен, тұтынушыларға қызмет көрсетумен шұғылданатын; ұйымдардың жүктерді түсетін станцияларға дейін жеткізіп салатын қызметкерлері (жолсеріктері);

28.6. лабораториялардың, соның ішінде тәжірибелік, эксперименттік және ғылыми-зерттеу жұмыстарымен шұғылданатын лабораториялардың, сондай-ақ ұйымның конструкторлық бөлімдеріндегі қызметкерлері, егер олар басқа ұйымдар үшін де жұмыстар атқаратын болса;

28.7. жаңа өнімнің экспериментті үлгісін шығарумен және реттеумен шұғылданатын қызметкерлер;

28.8. жаңа ұйымдар мен объектілер іске қосу-реттеу жұмыстарымен, сондай-ақ өндірісті игерумен (дайындаумен) шұғылданатын қызметкерлер ұйымның іске қосылған кезінен немесе жекелеген цехтарды пайдалануға берген кезден бастап, яғни ұйымды (бөлікшесін) мемлекеттік қабылдау комиссиясы пайдалануға қабылдау туралы актіге қол қойған кезден бастап немесе, егер бұл ұйым бөлікше өнеркәсіп өнімін шығара бастаған болса, ұйымды (бөлікшені) қабылдау туралы актіге қол қойылғанға дейін өнеркәсіп-өндіріс персоналының құрамына енеді (мұның өзінде өткен жылғы тиісті кезеңнің деректері осы қызметкерлердің есебінен қайта саналмайды);

28.9. жерді рекультивациялаумен шұғылданатын негізгі өндіріс қызметкерлері ;

28.10. ұйымның балансындағы, өндірісті толық немесе ішінара күтіп жөндейтін ғимараттарында істейтін қызметкерлер;

28.11. өнеркәсіп ұйымдарының балансындағы тоңазытқышта істейтін қызметкерлер .

Ескерту. Өнеркәсіп және сауда министрлігі мен тұтыну кооперациясының дербес балансы бар тоңазытқыштары мен тоңазыту комбинаттарының қызметкерлері көтерме сауданың қоймалары мен базаларының персоналына жатады және өнеркәсіп ұйымдарының есептеріне енбейді.

28.12. өндіріс бірлестігінің, өнеркәсіп ұйымдарының балансындағы байланыс тораптарында істейтін қызметкерлер: бұларға халыққа ішінара қызмет көрсетушілер де кіреді ;

28.13. өнеркәсіп ұйымдарының балансындағы ақпарат-есептеу орталықтарының, машина-есеп станцияларының (бюроларының) қызметкерлері: бұларға басқа ұйымдарға қызмет көрсететіндер кіреді;

28.14. сол өнеркәсіп ұйымының штатында тұратын барлық қорғау (бірінші категориялы әскерленген, кәсіби өрт, күзет) түрлерінің қызметкерлері;

Ескерту. Тұрғын үй шаруашылығын, коммуналдық, ауыл шаруашылық ұйымдарын және өнеркәсіп ұйымдарының өнеркәсіп жатпайтын басқа да түрлерін қорғау қызметкерлері тиісті өнеркәсібін емес ұйымдардың құрамына кіреді. Өнеркәсіп қызметі мен өнеркәсіп емес ұйымдарға бір мезгілде қызмет көрсететін қорғау қызметкерлері өнеркәсіп-өндіріс персоналына жатады.

28.15. өндірісте шахтаның, кен орындарының, завод душтары мен моншаларының тек осы ұйымның персоналына қызмет көрсететін қызметкерлері , сондай-ақ заводтың арнаулы киімдерін жуатын орындарының және арнаулы киімдер тігетін шеберханаларының қызметкерлері;

28.16. Завод басқармаларының, бас завод басқармасының, өндіріс бірлестігіндегі барлық бөлімдер мен бюролардың, окшау аппаратының қызметкерлерін, бұған материалдық-техникалық жабдықтау мен өткізу бөлімдері , шикізат, материалдар, дайын өнімдер қоймалары кіреді, сондай-ақ завод территориясын тазалайтын және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімі аппаратының қызметкерлері, егер бұл бөлім завод басқармасының құрылымдық б ө л і к ш е с і б о л с а .

Ескерту. Өнеркәсіп ұйымының күрделі құрылыс бөлімдерінің (КҚБ) немесе басқармаларының (КҚБас) құрылысты шаруашылық тәсілмен жүргізетін қызметкерлері құрылыстағы еңбек туралы жеке есеп жасауға тиіс. Өнеркәсіптегі еңбек жөніндегі есепке КҚБге (КҚБас) бағынатын, құрылыстың қаржысы есебінен ұсталатын цехтардың, учаскелердің, жабдықтар пен құрылыс

материалдарын сақтайтын қоймалардың қызметкерлері енбейді. Бұл персонал құрылыстағы еңбек жөніндегі есеп бойынша өтеді.

Өнеркәсіп ұйымының құрылысқа байқау (бақылау) жүргізетін, бірақ құрылысқа бөлінген қаржы есебінен ұсталатын КҚБ (КҚБас) қызметкерлері де құрылыс бойынша есепке алынады.

Егер өнеркәсіп ұйымының КҚБ-сі (КҚБас) құрылыс-монтаждау жұмысын шаруашылық әдіспен жүргізбей, тек құрылысты техникалық қадағалайтын, завод басқармасының құрылымдық бөлікшесі болса және негізгі қызмет қаржысы есебінен ұсталса, онда мұндай КҚБ-сінің (КҚБас) персоналы ұйымның өнеркәсіп-өндіріс персоналының құрамында есепке алынуға тиіс.

28.17. өз ұйымының жабдықтары мен көлік құралдарын күрделі және ағымдағы жөндеумен шұғылданатын, сондай-ақ ұйымның негізгі өнеркәсіп-өндіріс қорларына жататын үйлер мен ғимараттарды ағымдағы жөндеумен шұғылданатын қызметкерлері;

28.18. ұйымдар жанындағы автомашиналарды жөндейтін құрастыру-ауыстыру пункттерінің қызметкерлері;

28.19. техникалық кітапханалардың қызметкерлері;

28.20. кадрлар даярлаумен шұғылданушы, сондай-ақ негізгі қызметтің қаржысы есебінен оқып жүрген адамдар.

29. Құрылыс ұйымдарында персонал мынадай топтарға бөлінеді:
құрылыс-өндіріс персоналы;

қызмет көрсетуші және өзге де шаруашылықтармен шұғылданушы персонал.

29.1. Құрылыс-өндіріс персоналына мыналар жатады:

- құрылыс-монтаждау жұмыстары мен қосалқы өндірістерде істейтін персонал ;

- қызмет көрсететін және өзге де шаруашылықтарда тікелей құрылыс өндірісінде (соның ішінде жеке балансқа бөлінген шаруашылықтарда) істейтін персонал: көлік ұйымдарының қызметкерлері; өндіріс-технологиялық комплектілеу басқармаларының, материалдық-техникалық жабдықтау базалары мен қоймаларының қызметкерлері; жұмыс ұйымдастыруды жобалау топтары мен жобалау бюроларының (топтарының) қызметкерлері; ұйым КҚБ-сінің (КҚБас) салынып жатқан кәсіпорны дирекциясының қызметкерлері, сондай-ақ жалақы қоры құрылыста көзделген құрылысты техникалық қадағалауды жүзеге асырушы жеке леген қызметкерлер .

30. Құрылыс-монтаждау жұмыстарымен шұғылданатын персоналға мыналар ж а т а д ы :

30.1. үйлер мен ғимараттарды, соның ішінде қосымша шығындар есебінен жүзеге асырылатын уақытша (титулды емес) үйлерді, ғимараттарды көмекші құрылғыларды салу жұмыстарымен шұғылданатын қызметкерлер;

30.2. жабдықтарды монтаждау жұмыстарымен шұғылданатын қызметкерлер;
30.3. үйлер мен ғимараттарды күрделі жөндеу жұмыстарымен шұғылданатын қызметкерлер ;

30.4. тікелей құрылыс алаңында стандарт емес және қазандық-қосалқы жабдықтарды әзірлеу, жабдықтарды монтаждау алдында тексеру және соған байланысты қалпына келтіру-жөндеу жұмыстарымен, іске қосу-реттеу жұмыстарымен шұғылданатын қызметкерлер.

Ескерту. Егер стандарт емес және қазандық-қосалқы жабдықтар құрылыс ұйымының шеберханасында әзірленетін болса, онда осы жабдықтарды әзірлеуші персонал қосалқы өндірістегі қызметкерлер құрамында есепке алынады.

30.5. сумен жуу, бұрғылау-жару, топырақ аршу және антисептика, жылу сақтау жұмыстарымен шұғылданатын қызметкерлер;

30.6. ауыл шаруашылық жерлерін бастапқы культивациялау жұмысындағы қызметкерлер ;

30.7. халықтың қаржысы есебінен атқарылатын пәтерлерге газ орнату және басқа мердігерлік жұмыстармен шұғылданатын қызметкерлер;

30.8. тікелей құрылыс алаңында (оқшауланған қосалқы өндірістерде емес) бетон, балшық жасау, құрылыс машиналарына материалдарды өлшеп жеткізу, бетонды қыздыру, бөлмелерді жылыту жұмыстарымен шұғылданатын қызметкерлер ;

30.9. материалдар мен жабдықтарды тиеу-түсіру және жұмыс алаңы шегінде орнын ауыстыру жұмыстарымен, яғни объект жанындағы (учаскедегі) қоймадан тиісті орнына жеткізу жұмыстарымен шұғылданатын қызметкерлер;

30.10. құрылыстағы байланыс қызметкерлері, тікелей құрылыс алаңындағы жұмысшыларға қызмет көрсететін монша, ас бөлме, т.с.с. бөлікшелердің қызметкерлері, сондай-ақ құрылыс территориясы мен құрылыс алаңындағы үй-жайларды тазалайтын қызметкерлер.

Ескерту. Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылықтың (жатақханалардың, моншалардың т.с.с.) қызметкерлері қызмет көрсетуші және өзге де шаруашылықтарда есепке алынады;

30.11. механикаландыру ұйымдарының, машинопрокат (жөндеу-прокат) базаларының, механикаландырылған колонналардың құрылыс машиналары мен механизмдерін пайдаланумен және техникалық қызмет көрсетумен шұғылданатын, құрылыс, сондай-ақ өнеркәсіп және басқа ұйымдарға қызмет көрсететін қызметкерлер ;

30.12. құрылыс машиналары мен механизмдерін пайдаланатын және күтіп-ұстайтын мердігер ұйымдардың (құрылыс басқармаларының (ҚБ) құрылыс-монтаж басқармаларының (ҚМБ), жөндеу-құрылыс басқармаларының (ЖҚБ), механикаландыру басқармаларының (МБ), жылжымалы құрылыс

ұйымдарының (ЖҚҰ), т.с.с.) қызметкерлері;

30.13. сол ұйымның штатында тұратын барлық қорғау (әскериленген, кәсіби өрт, күзет) түрлерінің қызметкерлері. Құрылыс-монтаждау жұмыстарына, қосалқы өндіріске және өзге де шаруашылықтарға бір мезгілде қызмет көрсететін қорғау қызметкерлері құрылыс-монтаждау жұмыстарымен шұғылданатын персоналға жатады.

Ескерту. Жеке балансқа бөлінген, өзге де шаруашылықтарға қызмет көрсететін қосалқы өндірістердің қорғау қызметкерлері өзге де шаруашылықтарға қызмет көрсететін тиісінше қосалқы өндіріспен шұғылданатын қызметкерлерге жатады.

30.14. құрылыс-монтаж және құрылыс ұйымдарының балансында тұратын ақпараттық-есептеу орталықтарының, есептеу орталықтарының, машина-есептеу станцияларының (бюроларының) қызметкерлері, оларға басқа ұйымдар үшін де жұмыс атқаратындарды қосуға болады;

30.15. құрылыс-монтаж және құрылыс ұйымдары лабораторияларының нормативтік-зерттеу станцияларының, қауіпсіздік техникасы қызметтерінің қызметкерлері;

30.16. мердігер ұйымдар (ҚБ, ҚМБ, ЖҚБ, механикаландыру басқармаларының, жылжымалы құрылыс ұйымдарының, т.с.с.) аппаратының қызметкерлері;

30.17. өндірістік-технологиялық комплектілеу басқармаларының қызметкерлері.

Ескерту. Өндірістік-технологиялық комплектілеу басқармалары жанынан құрылыс материалдарын шығаратын және өңдейтін қосалқы цехтар ашқан жағдайда осы цехтардың қызметкерлер саны қосалқы өндірістермен шұғылданатын қызметкерлерге жатады.

30.18. көлік (автобаза, құрылыс ұйымының құрамындағы гараждар) құрылыс лабораториялары, жұмыс ұйымдастыруды жобалау топтары мен жобалау бюролары (топтары) қызметкерлері.

Ескерту. Егер құрылыс ұйымдарына кіретін, 30.16 - 30.18 тармақтарда келтірілген бөлікшелер дербеске айналса, онда олардың қызметкерлері құрылыс-монтаждау жұмыстарымен шұғылданатын персоналдық құрамына енгізілмейді.

31. Құрылыс ұйымдарының қосалқы өндірісіндегі персоналға мыналар жатады:

31.1. бетон және балшық өндірісі; темір бетон және бетон бұйымдары, блоктары мен құрылыс тастары өндірісі; кірпіш өндірісі; тас, қиыршық тас, құм, майда тас және балшық дайындайтын, өңдейтін карьерлер; темір ұстаханалары, механикалық, ағаш жөндеу және басқа шеберханалар, құрылыс аулалары; тақтай

тілу өндірісі, ағаш дайындау; электр станциялары; түрлі қондырғылар мен басқа да ұйымдық-оқшауланған қосалқы өндірістердің қызметкерлері;

31.2. құрылыс-монтаж, құрылыс ұйымдарының балансындағы механикалық, жөндеу және басқа шеберханалардың қызметкерлері.

32. Ауыл шаруашылық ұйымдарында мынадай персонал топтары болады: ауыл шаруашылығы өндірісімен шұғылданатын персонал (негізгі қызмет п е р с о н а л ы) ;

қосалқы өндірістермен шұғылданатын персонал; қызмет көрсететін және өзге де шаруашылықтардағы персонал.

33. Ауыл шаруашылығы өндірісімен шұғылданатын персоналға мыналар ж а т а д ы :

33.1. өсімдік шаруашылығымен (егін, шабындық, көкөніс, бау-бақша шаруашылықтары, бақ және көп жылдық ағаштар өсіру, т.с.с.) шұғылданатын қ ы з м е т к е р л е р ;

33.2. мал шаруашылығымен (іріқара, қой, құс, балық, аң, үй қояны, омарта және басқа салалары) шұғылданатын қызметкерлері;

33.3. өндірістік ауыл шаруашылығы мақсатты үйлер мен ғимараттарда (қоймалар, фермалар және басқалар) ағымдағы жөндеумен шұғылданатын қ ы з м е т к е р л е р ;

33.4. көбінесе ауыл шаруашылығы өндірісіне қызмет көрсететін көлік қ ы з м е т к е р л е р і .

34. Қосалқы өндірістер мен ауыл шаруашылығы ұйымдарындағы қызметкерлерге қосалқы өнеркәсіп ұйымдары мен жөндеу шеберханаларының (диірмен, жарма мен тары түйгіштер, шарап және шұжық заводтары, май, ірімшік, сүт өнімдерін шығаратын ұйымдар, мал және құс соятын цехтар, тақтай тілетін, ағаш ұстаханалары, кірпіш заводтары және құрылыс материалдарын жасайтын басқа да ұйымдар, ағаш және отын дайындау, өзге де өнеркәсіп өндірістері, электр станциялары, трактор, ауыл шаруашылық және басқа машиналар мен жабдықтарды жөндейтін шеберханалар) қызметкерлері, сондай-ақ қосалқы өнеркәсіп ұйымдарына, өндіріс пен жөндеу шеберханаларына қызмет көрсететін көлік қ ы з м е т к е р л е р і ж а т а д ы .

35. Өнеркәсіп, құрылыс және ауыл шаруашылық ұйымдарының көмекші қызметімен шұғылданатын персоналға (өнеркәсіп емес, қызмет көрсетуші және өзге шаруашылықтардың персоналына) мыналар жатады:

35.1. ұйымдардың балансында тұратын және тұрғын үй шаруашылығына, коммуналдық ұйымдар мен негізгі қызметке жатпайтын басқа да ұйымдарға, сондай-ақ ағаш ағызу ісіне қызмет көрсететін қызметкерлер;

35.2. салынып жатқан ұйым дирекциясының, ұйым КҚБ (КҚБас) қызметкерлері, сондай-ақ саны мен жалақы қоры құрылыста көзделген,

құрылысқа техникалық қадағалау жасайтын жекелеген қызметкерлер (29.1-тармақта көрсетілгеннен басқа);

35.3. шаруашылық әдіспен салған үйлер мен ғимараттарды күрделі жөндеумен шұғылданатын қызметкерлер (30.3-тармақта көрсетілгеннен басқа).

Ескерту. Өнеркәсіп емес ұйымдардың, қызмет көрсетуші және өзге шаруашылықтардың үйлері мен ғимараттарын күрделі жөндеумен шұғылданатын қызметкерлер тиісінше өнеркәсіп емес ұйымдардың, қызмет көрсетуші және өзге шаруашылықтардың (тұрғын үй шаруашылығы, коммуналдық ұйым т.с.с.) персонал құрамына енгізілуге тиіс;

35.4. сауда (магазин, дүкен, палатка, т.с.с.) және қоғамдық тамақтану (асхана, буфет, т.с.с.) қызметкерлері.

Ескерту. Сауда және қоғамдық тамақтану жүйесі ұйымдарының (магазиндер, асханалар, буфеттер, т.с.с.) өнеркәсіп, құрылыс ұйымдарына қызмет көрсететін, бірақ олардың балансында тұрмайтын қызметкерлері осы ұйымдардың еңбек жөніндегі есебіне енбейді, бірақ тиісті салалық министрліктер мен ведомстволардың жүйесі бойынша есепке алынады.

35.5. ауыл шаруашылығы өнімдерін, сондай-ақ ауыл шаруашылығы шикізатын (картоп, көкөніс, жеміс, жидек, қант қызылшасы, мақта, зығыр, мал, құс, сүт, т.с.с.) өнеркәсіптік өңдеу үшін дайындаумен ұдайы шұғылданатын ұйымдардың қызметкерлері;

35.6. өнеркәсіп, құрылыс ұйымдарының балансында тұратын қосалқы ауыл шаруашылығы ұйымдарының қызметкерлері (ұйымдық оқшауланған жылжымайтын өндірісінің қызметкерлерін қосқанда);

35.7. өнеркәсіп және басқа да ұйымдардың орман шаруашылығы қызметкерлері;

35.8. совхоздар мен басқа да ауыл шаруашылық ұйымдарында өзге де қызмет түрлерімен (жабайы өсетін жемістер, жидектер, жаңғақ, жемістер, дәрілік шөптер жинап, өңдеумен, т.с.с.) шұғылданатын қызметкерлер;

35.9. ет және сүт өнеркәсібі ұйымдарының дайын өнімді бөлшек сауда жүйесіне жеткізетін қызметкерлері (жүкшілер, диспетчерлер, экспедиторлар, автомобиль жүргізушілері). Аталған қызметкерлердің санын еңбек жөніндегі есепке "Көлік" саласы бойынша көрсету керек;

35.10. металл сынықтарын жинайтын қызметкерлер. Оларға металл сынықтарын жинап, олардың құжаттарын ресімдейтін, қабылдап, жөнелтетін, оларды басқа ұйымдардан жеткізу жөнінде шарттар жасасатын кеңселердің қызметкерлері жатады.

Ескертулер: 1. Көлік цехтарының металл сынықтарын жинап, өткізумен шұғылданатын өнеркәсіп-өндіріс персоналына жатады.

2. Қара және түсті металдардың сынықтары мен қалдықтарын дайындайтын

уәкілдер, сондай-ақ өткізуші-техниктер өнеркәсіп-өндіріс персоналына жатады.

35.11. газеттер мен радиохабарларды редакцияларының қызметкерлері;

35.12. жаңадан іске қосылатын ұйымдар мен объектілер пайдалануға берілген кезге дейін іске қосу-реттеумен, сондай-ақ өндірісті әзірлеумен және игерумен шұғылданатын, өнеркәсіп ұйымдарының негізгі қызметінің қаржысы есебінен ұсталатын қызметкерлері, олар өнеркәсіп емес ұйымдар бойынша көзделген жағдайда ;

35.13. өнеркәсіп ұйымдарының іздестіру-барлау топтары мен партияларының қызметкерлері ;

35.14. тұрғын үй шаруашылығының қызметкерлері;

35.15. қонақ үйлер мен келушілерге арналған жатақханалар, шаштараздар, моншалар (сол ұйымның персоналына тікелей өндірісте қызмет көрсететін моншалар мен кір жуатын орындардың қызметкерлерінен басқа) сияқты коммуналдық және тұрмыстық қызмет көрсету ұйымдарының қызметкерлері, территорияны көгалдандырумен айналысушылар;

35.16. медицина мекемелеріне (медицина-санитария бөлімдері, денсаулық сақтау пункттері, профилакторийлер, емдейтін пансионаттар, т.с.с.) қызмет көрсететін қызметкерлер: көмекші жұмысшылар, сантехниктер, электриктер, т.с.с. өнеркәсіп ұйымдарының эпидемияға қарсы шаралар жүргізумен шұғылданған санитария күзеттері мен дезинфекция тосқауылдардың қызметкерлері.

Ескерту. Ұйым қызметкерлерінің тізімдік құрамында жоқ медперсоналдың қызметкерлері (дәрігерлер, медбикелер) ұйымдардың еңбек жөніндегі есебіне енгізілмеуге тиіс. Олар Денсаулық сақтау министрлігінің жүйесі бойынша есепке алынады;

35.17. сауықтыру және демалыс ұйымдарының (балалар демалыс лагерьлері, демалыс үйлері, емі жоқ пансионаттар, т.с.с.) қызметкерлері;

35.18. денешынықтыру ұйымдарының (стадиондар, спорт сарайлары, спорт залдары, спорт базалары, спорт клубтары, бассейндер, т.с.с.) қызметкерлері;

35.19. туризм (туристік базалар, т.с.с.) қызметкерлері;

35.20. оқу орындары мен курстар қызметкерлері;

35.21. мектепке дейінгі тәрбие ұйымдарының (балалар бақшалары, яслилер, ясли-бақшалар) қызметкерлері;

35.22. мәдениет ұйымдарының (техникалық кітапханалардан басқа мәдениет сарайлары мен үйлері, клубтар, т.с.с.) қызметкерлері.

5. Персонал категориялары

Ұйымдардың еңбек жөніндегі есебінде қызметкерлердің саны жұмысшылар және қызметшілер деген екі топқа бөлінеді. Қызметшілер тобына мына категориялар жатады: басшылар, мамандар және басқа да қызметкерлер.

36. Жұмысшылар тобына материалдық құндылықтар жасаумен жүктерді, адамдарды тасымалдаумен тікелей шұғылданатын, материалдық қызмет көрсететін, т.с.с. адамдар жатады.

36.1. сонымен қатар автоматтардың, автоматтық желілердің, автоматтық құрылғылардың жұмысын басқаратын, реттейтін және қадағалайтын, сондай-ақ машиналарды, механизмдерді, агрегаттар мен қондырғыларды тікелей басқаратын немесе күтіп-ұстайтын адамдар да жұмысшылар болып саналады; егер бұлардың еңбегі жұмысшылардың тарифтік ставкаларымен немесе айлық окладтарымен төленетін болса;

36.2. материалдық құндылықтарды қолмен, сондай-ақ аса қарапайым механизмдер, құрылғылар, құрал-саймандар арқылы жасаған адамдар;

36.3. үйлерді, ғимараттарды салатын және жөндейтін, жабдықтарды монтаждайтын және жөндейтін, көлік құралдарын жөндейтін адамдар;

36.4. шикізатты, материалдарды, дайын өнімдерді таситын, тиейтін немесе түсіретін адамдар;

36.5. қоймаларда, базалар мен басқа да сақтау орындарында жүктерді қабылдайтын, сақтайтын және жөнелтетін адамдар;

36.6. машиналарды, жабдықтарды, өндірістік және өндірістік емес үй-жайларды күтіп-ұстайтын;

36.7. жер үстіндегі және жер астындағы кен орындарын игерумен, скважиналар қазумен, сынаумен және игерумен, геологиялық картаға түсірумен, іздестірумен және геологиялық барлау жұмыстарының басқа да түрлерімен шұғылданатын адамдар, егер олардың еңбегі жұмысшылардың тарифтік ставкалары немесе айлық окладтары бойынша төленетін болса;

36.8. машинистер, жүргізушілер, отын жағушылар, бұрма күзеттерінің кезекшілері, жол және жасанды ғимараттарды қарайтындар, жүкшілер, жолсеріктер, көлік желілерін, байланыс желілерін, жабдықтар мен жүру құралдарын жөндейтін және күтіп-ұстайтын жұмысшылар, тракторшылар, механиктер, өсімдік және мал шаруашылықтарының жұмысшылары;

36.9. хат тасушылар, телефонистер, телеграфистер, радио және байланыс операторлары;

36.10. есептеу және электронды-есептеу машиналарының операторлары;

36.11. аула және көше сыпырушылар, курьерлер, киім ілушілер, қарауылдар.

37. Басшыларға ұйымдар мен олардың құрылымдық бөлікшелері

басшыларының лауазымын атқаратын қызметкерлер жатады. Атап айтқанда, басшыларға мыналар жатады: ұйымдардың, құрылымдық бірліктер мен бөлікшелердің директорлары (бас директорлары), президенттері, ректорлары, бастықтары, басқарушылары, меңгерушілері, төрағалары, командирлері, шеберлері, жұмыс жүргізушілері;

бас мамандар: бас бухгалтер, бас диспетчер, бас инженер, бас механик, бас металлург, бас дәнекерлеуші, бас агроном, бас геолог, бас энергетик, бас экономист, бас ғылыми қызметкерлер, бас редактор, бас дәрігер; мемлекеттік инспекторлар.

Сондай-ақ жоғарыда аталған лауазымдар жөніндегі орынбасарлар.

38. Мамандарға инженерлік-техникалық, экономикалық және басқа жұмыстармен шұғылданатын қызметкерлер жатады; атап айтқанда: агрономдар, әкімдер, бухгалтерлер, геологтер, диспетчерлер, инженерлер, инспекторлар, корректорлар, математиктер, корректорлар, механиктер, нормалаушылар, редакторлар, ревизорлар, психологтер, социологтер, техниктер, товар мамандары, физиологтар, суретшілер, экономистер, энергетиктер, заңгерлері, дәрігерлер, мұғалімдер, аудармашылар, менеджерлер, брокерлер, диллерлер, референттер, д и з а й н е р л е р , т . с . с .

Сондай-ақ жоғарыда аталған мамандардың ассистенттері мен көмекшілері.

39. Қызметшілерге жататындар: құжаттарды әзірлеп, ресімдеуді, есепке алу мен бақылауды жүзеге асыратын қызметкерлер, атап айтқанда: агенттер, архивариустер, кезекшілер, іс жүргізушілер, кассирлер, коллекторлар, коменданттар, бақылаушылар (жұмысшыға жатқызылмағандар), техникалық құжаттарды көшірушілер, хатшы-машинисткалар, қараушылар, статистиктер, стенографистер, табельшілер, есепке алушылар, сызушылар.

6 . Ж а л а қ ы қ о р ы

40. Жалақы қорының құрамына ақшалай немесе заттай нысандарда есептелген (қаржыландыру көзіне қарамастан) жалақының барлық түрлері, сондай-ақ түрлі сыйақылар, қосымша және үстеме ақылар, жекелеген әлеуметтік жеңілдіктер енеді, оларға жұмыс істемеген уақыт (жыл сайынғы демалыс, мереке күндері т.с.с.) үшін қызметкерлерге заңдарға сәйкес есептелген ақшалай сома к і р е д і .

41. Еңбек жөніндегі статистикалық есептерді жасаған кезде қызметкерлермен жалақы жөнінде есеп айырысатын төлем құжаттарына сәйкес төлеу үшін есептелген ақшалай сома көрсетіледі. Мұның өзінде аталған сома "брутто" келтіріледі, яғни Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес салықтар мен өзге де ұсталатын сома шығарылмайды.

42. Шет ел валютасымен есептелген жалақы есепке ұлттық валютаның сомасымен енгізіледі. Бұл сома Ұлттық банктің есепті кезең ішінде шет ел валютасын ұлттық ақша бірлігінің орташа курсы бойынша қайта есептеу ж о л ы м е н а н ы қ т а л а д ы .

43. Жыл сайынғы, қосымша жыл сайынғы және қосымша демалыстар үшін есептелген сома осы айдың демалыс күндеріне келетін сомада ғана есепті айда көрсетіледі. Келесі айдағы демалыс күндері үшін есептелетін сома тиісінше келесі айдың есебіне кіреді.

44. Еңбек жөніндегі есептер жасаған кезде өткен жылдың тиісті кезеңі үшін жалақы қоры туралы деректер үстіміздегі жылдың есепті кезеңінде қабылданған әдістеме бойынша көрсетіледі.

45. Еңбекке ақы заттай төленген, еңбектік және әлеуметтік жеңілдіктер берілген жағдайда еңбек жөніндегі есеп берулерге сомалар әлгі аймақта сол кезеңде қалыптасқан рыноктық бағалар жөніндегі есепке сүйеніп енгізіледі.

6.1. Ақшалай жалақы

Ақшалай жалақыға төлемдердің мынадай түрлері жатады:

46. Орындалған жұмыс (уақыт) үшін кесімді нарықтар, тарифтік ставкалар, лауазымдық окладтар бойынша табыстан процент және таза табыстан үлес түрінде немесе орташа жалақы бойынша ұйымда қабылданған еңбекке ақы төлеу нысандары мен жүйесіне қарамай есептелген жалақы.

47. Көтермелеу сипатты төлемдер:

47.1. Тарифтік ставкалар мен окладтарға үстеме және қосымша ақылар (кәсіптік шеберлігі, квалификациялық кластары үшін, т.с.с.).

47.2. Көп жылдық еңбегі, жұмыс стажы үшін (ұйымда үзіліссіз жұмыс ұзақтығы үшін үстеме) сыйақылар (проценттік үстемелер).

47.3. Ағымдық сипаттағы өндірістік нәтижелер үшін сыйақылар.

47.4. Арнаулы мақсатты қаржылар мен мақсатты түсімдер есебінен төленетін сыйақылар, бір мезгілдік көтермелеулер.

47.5. Жыл ішіндегі жұмыс қорытындылары бойынша сыйақылар.

47.6. Жыл сайынғы демалысқа қосымша ақылар (демалысқа берілетін материалдық көмек).

48. Жұмыс режимі мен еңбек жағдайларына байланысты өтемдік сипатты төлемдер:

48.1. Еңбекке ақы төлеуді аудандарда реттеуге байланысты төлемдер:

- аудандық коэффициенттер бойынша;
- шөл, сусыз жерлерде, биік таулы аудандарда жұмыс істегені, сондай-ақ экологиялық апат аудандарында жұмыс істегені үшін

коэффициенттер бойынша.

48.2. Еңбек жағдайлары үшін (ауыр және зиянды, сондай-ақ аса ауыр және аса зиянды еңбек жағдайларында жұмыс істегені үшін) қосымша ақылар.

48.3. Түнгі уақытта және көп ауысымды жұмыс істегені үшін қосымша ақылар.

48.4. Тұрақты жұмысы жол үстінде өтетін немесе жолаушылар көп жүретін байланыс, темір жол, өзен, автомобиль көліктері мен тас жолдар қызметкерлеріне т.с.с. өздері жұмыс істейтін ұйымы тұрған жерінен шығып, оған оралған кезге дейінгі әрбір тәулік үшін жалақысына қосымша төленетін ү с т е м е л е р .

48.5. Үй салумен, қайта құрумен және күрделі жөндеумен тікелей шұғылданатын қызметкерлер үшін, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген реттерде вахталық әдіспен жұмыс атқарған кезде жұмыстың жылжымалы және кезбе сипаттылығы үшін үстеме ақылар.

48.6. Вахтадағы жұмыс графигінде көзделген ұйымның тұрған жерінен (жиналатын пункттен) жұмыс орнына барып, қайтқанда жолда болатын күндер үшін, сондай-ақ метеорологиялық жағдайларға байланысты немесе көлік ұйымдарының кінәсынан қызметкерлердің жолда бөгелген күндері үшін тарифтік ставка, оклад мөлшерінде төленетін (жұмысты вахталық әдіспен атқарғанда) с о м а л а р .

48.7. Жер астындағы жұмыстарда ұдайы болатын қызметкерлерге шахтадағы (рудниктегі) жұмыс орнына барып қайтуға кеткен нормативтік уақыт үшін қ о с ы м ш а а қ ы л а р .

48.8. Геологиялық-барлау, топографиялық-геодезиялық және басқа да жұмыстарымен шұғылданатын қызметкерлерге далалық азық-түлік.

48.9. Демалыс және мереке (жұмыс емес) күндеріндегі, жұмыс уақытынан тыс кездегі жұмыс үшін ақы.

48.10. Жұмыстарды вахталық әдіспен ұйымдастырған, жұмыс уақытын жинақтап есептеген кезде және заңдарда белгіленген басқа да жағдайларда жұмыс уақытының қалыпты ұзақтығынан тыс жұмысқа байланысты қызметкерлерге берілген демалыс (азат) күндері үшін ақы.

49. Жұмыс істемеген уақыт үшін ақы:

49.1. Жыл сайынғы және қосымша демалыстардың ақысы, пайдаланылмаған демалыс үшін ақшалай өтем.

49.2. Қызметкерлерге, соның ішінде балаларын тәрбиелеген әйелдерге ұжымдық шарт бойынша (заңдарда көзделгеннен тыс) қосымша берілген

демалыстардың ақысы.

49.3. Жұмыстағы арнаулы үзілістердің ақысы, жас өспірімдердің жеңілдік сағаттарының ақысы.

49.4. Қызметкерлердің мемлекеттік немесе қоғамдық міндеттерді атқаруға кеткен жұмыс уақытының ақысы.

49.5. Ауыл шаруашылығы мен басқа да жұмыстарға қатыстырылған қызметкерлердің негізгі жұмыс орнында сақталатын жалақысы.

49.6. Ұйымның балансындағы кәсіптік-техникалық мектептерді бітірушілерге жұмысқа кірісер алдындағы демалыс уақыты үшін ұйымдардың төлейтін сомасы.

49.7. Басқа ұйымдардан жұмысқа шақырылған қызметкерлердің окладтарындағы белгілі бір мерзім ішінде бұрынғы жұмыс орнындағы қызметтік окладтың мөлшерін сақтағанда, сондай-ақ уақытша жұмыс атқарғанда пайда болатын айырманы төлеу.

49.8. Қызметкердің кінәсынсыз босқа тұрудың ақысы.

49.9. Ұйымдардың жұмысшыларына, басшылары мен мамандарына кадрлардың біліктілігін көтеру және оларды қайта даярлау жүйесінде жұмыстан қол үзіп оқыған кезі үшін негізгі жұмыс орнындағы жалақысы.

49.10. Әкімшіліктің инициативасымен жалақысы ішінара сақталған демалыста жүрген қызметкерлерге төленетін сома.

49.11. Рұқсат етілген ереуілдерге қатысқан қызметкерлерге төленетін сома, егер қаржы жалақы қорынан есептелсе.

49.12. Еңбек қабілеті уақытша тоқтаған жағдайда ақыны нақты жалақысы мөлшеріне жеткізіп төлеу.

49.13. Қан өткізетін қызметкерлерге зерттелу, қан өткізу және қан өткізген әрбір күннен кейін берілетін демалыс күні үшін ақы төлеу.

49.14. Амалсыз демалған уақыт үшін ақы.

49.15. Біліктілігінің жетімсіздігі не денсаулығының нашарлығы салаларынан атқаратын лауазымына немесе орындайтын жұмысына қызметкер сәйкес келмегендіктен әкімшіліктің инициативасы бойынша: әскери қызметке шақырылуына және тараптардың еркінен тыс басқа да жағдайларға байланысты еңбек шарты тоқталған (73-тармақта көрсетілгеннен басқа) ретте төленетін демалыс жәрдемі.

49.16. Жұмыс істемеген уақыт үшін төленетін басқа да ақылар.

50. Проценттік немесе комиссиялық сыйақы ол тарифтік ставкаға (окладқа) қосымша төленетініне немесе негізгі төлем болып табылатынына қарамай.

51. Кәсіпкерді (лауазымдарды) қоса атқарғаны немесе жұмыста уақытша жоқ қызметкерлердің міндеттерін атқарғаны үшін қосымша ақылар.

52. Ұйымдардың негізгі жұмысынан босатылған және босатылмаған

қызметкерлерді даярлау, қайта даярлау не біліктілігін көтеру үшін оқушылар мен студенттердің өндірістік практикасына басшылық жасау үшін шақырылған білікті жұмысшылардың, басшылардың, мамандардың еңбегіне ақы төлеу.

53. Ақау деп табылған өнім өндіргені үшін ақы төлеу, оған қызметкер кінәлі б о л м а с а .

54. Ұйымда өндірістік практикадан өтіп жатқан жоғары оқу орындарының студенттері мен арнаулы орта және кәсіптік-техникалық оқу орындары оқушыларының, сондай-ақ кәсіптік бағдар беру кезінде жалпы білім беретін мектептер оқушыларының еңбегіне ақы төлеу.

55. Мемлекеттік ұйымдармен жасасқан арнаулы шарттарға сәйкес (жұмысшы күшін, мәселен, әскери қызметшілерді әкелу туралы) ұйымдарда жұмыс істеуге шақырылған адамдардың орындаған жұмысы үшін есептелген сома, тікелей сол адамдарға берілгені де, мемлекеттік ұйымдарға аударылғаны да.

56. Басқа ұйымдардан қоса атқару үшін бұйрықпен жұмысқа қабылданған адамдардың еңбегіне ақы төлеу.

57. Тізімдік құрамда жоқ қызметкерлердің еңбегіне ақы төлеу:

57.1. Бір рет атқарылатын жұмыстарды (мүлікті жөндеу, үйді ақтау және сырлау, медицина мекемелерінде дәрігерлердің ақыл-кеңес беруі, сараптау жұмыстары, т.с.с.) орындағаны үшін; азаматтық-құқықтық сипатты және мердігерлік шарттарда көрсетілген жұмыстарды орындағаны үшін ұйым қызметкерлерінің тізімдік құрамында жоқ адамдардың еңбегіне ақы төлеу, егер атқарылған жұмыс үшін есепті тікелей ұйымның өзі заңды тұлғалармен емес, жеке тұлғалармен айырысатын болса. Мұның өзінде бұл қызметкерлердің еңбегіне төленетін қаржының мөлшері осы шарт пен төлем құжаттары бойынша әлгі жұмыстардың (көрсетілген қызметтердің) сметасына сүйеніп анықталады.

57.2. Тізімдік құрамда жоқ қызметкерлердің көрсеткен қызметінің ақысы (бір тілден екіншісіне аударғаны, ақыл-кеңес бергені, лекциялар оқығаны, радио және телевизия арқылы сөйлегені, т.с.с. үшін қаламақы).

58. Жекелеген әлеуметтік жеңілдіктер орнына берілетін өтемдер:

58.1. Асханалардағы, буфеттердегі, профилакторийлердегі тамақтану құнының қымбаттағаны үшін ақшалай өтем.

58.2. Қазақстан Республикасы заңдарының кепілдігі бар тұрғын үй бермегені, коммуналдық қызметтер көрсетпегені, т.с.с. үшін экономиканың жекелеген салалары қызметкерлеріне ақшалай өтемнің сомасы.

6 . 2 . З а т т а й ж а л а қ ы

Заттай жалақыға мынадай төлемдер (сыйақылар) жатады:

59. Заттай ақы тәртібімен берілетін өнімнің құны.

Ескерту. Егер өнім тегін берілсе, онда жалақының мөлшері мұндай ретте сол өнімнің толық құнына тең; егер ол арзандатылған бағалармен берілсе, онда арзандатылған бағамен сатылған өнімнің құны мен оның толық құнының айырмасына тең.

60. Жекелеген экономика салаларының қызметкерлеріне тегін берілген (Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес) коммуналдық қызметтердің, тамақтың, азық-түліктің құны; ҚР заңдарына сәйкес қызметкерлерге тегін берілген тұрғын үйдің ақысы жөніндегі шығындар.

61. Темір жол, авиа, теңіз, өзен, автомобиль көлігі мен қалалық электр көлігінде қызметкерлердің жүруі жөніндегі жеңілдіктердің құны.

62. Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес тегін беріліп, кейіннен жеке пайдалануында қалатын заттардың (формалық киім-кешектер) құны немесе оларды арзандатылған бағамен сатуға байланысты және жеңілдіктердің сомасы (92-тармақта көрсетілген шығындардан басқа).

63. Қызметкерлер мен олардың балаларына емделу, демалу, экскурсия мен саяхат үшін ұйымның қаржысы есебінен берілетін жолдамалардың құны.

64. Қызметкерлерге тамақты тегін немесе арзандатылған бағалар бойынша беру (қызметкердің жекелеген категориялары үшін Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген реттерде берілетін арнаулы тамақтанудан басқа).

65. Ұйымның қызметкерлеріне берілетін немесе қосалқы шаруашылықтар олардың қоғамдық тамақтануына босататын өнімнің (жұмыс, қызмет) бағасындағы айырманы өтеу жөніндегі шығындар.

66. Өз қызметкерлеріне медициналық көмек беру жөнінде денсаулық сақтау органдарымен жасасқан шарттар бойынша емхананың көрсеткен қызметіне ақы төлеуге кеткен шығындар, балаларын мектепке дейінгі мекемелерде ұйымның қаржысы есебінен бағып-қаққаны үшін ақы.

67. Тұрғын үйдің, пәтердің, жатақханадағы орынның (60 және 83-тармақтарда көрсетілгендерден басқа) ақысын төлеу.

68. Жалпы пайдаланудағы көлікпен, арнаулы маршруттармен, ведомстволық көлікпен жұмыс орнына барып, келу ақысын төлеу.

69. Ұйымдар өз қызметкерлерінің пайдасы үшін жасасқан жеке басылық және мүліктік сақтандыру шарттары бойынша ұйымдар төлейтін сақтандыру төлемдері (жарналары).

70. Басқа да жеңілдіктер (балалар мен отбасы мүшелерінің денсаулық топтарындағы, секциялардағы, клубтардағы сабақтарына арналған абонементтерді, газет пен журналдарға жазылу, тіс салдыру құнын төлеу, т.с.с.).

71. Мерекелік күндерге арнап сыйлықтар алу немесе қызметкерлерді көтермелеу түріндегі шығындар (машина, пәтер, ұзақ пайдаланылатын заттар мен басқа да товарлар, сондай-ақ қызметкерлердің бетесебіндегі проценттік

с т а в к а л а р д ы

ұ л ғ а й т у) .

72. Ұйымды тұтас алғанда қызметкерлердің орташа жалақысы тізімдік құрамдағы қызметкерлердің жалақы қорынан есептелген (қоса атқарушылар еңбегіне төленген шығыны қосылған) соманы (ақшалай да, заттай да) орташа жалақыны және басқа да орташа шамаларды есептеу үшін қабылданған қызметкерлер санына бөлумен есептеледі.

Ескерту. Салық заңдарының сақталуын қадағалау мақсатында жүзеге асырылатын салық салынатын пайданы анықтау және басқа да қаржылық есептеу кезінде орташа жалақының есебі қоса атқарушылар (13.3-тармақ) мен азаматтық-құқықтық сипатты шарттар мен мердігерлік шарттар бойынша (13.2-тармақта көрсетілген) жұмыстарды атқаратын адамдар қосылған қызметкерлердің санына сүйеніп шығару ұсынылады. Бұл қызметкерлер санға жұмыс істеген уақытына пропорционалды енгізіледі.

7. Жалақыны (жалақы қорын) есептеген кезде есепке алынбайтын төлемдер мен шығындар

7.1. Ұйымның қаржысы есебінен берілетін жәрдемдер

73. Жұмыс көлемінің қысқаруына немесе жұмыс сипатының өзгеруіне байланысты жұмыстан босатылған қызметкерлерге берілетін жәрдем (ұйым тараған, адамдар саны, штаттар қысқарған, т.с.с., сондай-ақ өндірістегі бақытсыздық оқиғасы немесе кәсіптік ауруға шалдығу салдарынан жұмыстан б о с а ғ а н р е т т е р д е) .

74. Қызметкерлер санының немесе штатының қысқаруына, ұйымның қайта құрылуына немесе таралуына байланысты босаған қызметкерлердің жұмысқа орналасу кезеңіне төленетін сома.

75. Зейнетақыға үстеме, зейнетке шығатындарға берілетін біржолғы ж ә р д е м д е р .

76. Осы ұйымда жұмыс істемейтін адамдарға (зейнеткерлерге, мүгедектерге, қаза болғандардың отбасыларына, т.с.с.) берілетін материалдық көмек.

77. Баласы Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жасқа жеткенше оны бағып-қағу жөніндегі демалыста жүрген әйелдерге төленетін ө т е м д е р .

78. Қызметкерлердің атқаратын жұмысына ешбір байланысы жоқ кейбір оқиғалар үстінде, мәселен, үйлену тойы, нәрестелі болған, ақылы операция жасатқан, туысканын жерлеген кезде оған көрсетілетін материалдық көмек және құжатпен дәлелденген жағдайда жаппай сипаты жоқ басқа да төлемдер.

79. Өндірістік жарақат алу салдарынан еңбекке қабілетін жоғалтуға

байланысты жәрдемдер, қызметкерлер еңбек міндетін атқару кезінде денсаулығын бұзуы арқылы оған келтірілген зиянды өтеу (бірмезгілдік көмек және басқа шығындар).

80. Қызметкерлердің білім алуына байланысты шығындар (49.9 және 52-тармақтарда көрсетілген жалақыға кететін шығындардан басқа):

- кешкі және сырттай жоғары және арнаулы орта оқу орындарында, сырттай аспирантурада, кешкі (ауысымды) кәсіптік-техникалық мектептер, жалпы білім беретін кешкі (ауысымды) мектептерде оқитын, сондай-ақ аспирантураға түскен қызметкерлерге берілетін оқу демалыстарының ақысы;

- жоғары немесе арнаулы оқу орындарын бітірген жас мамандарға,

сондай-ақ кәсіптік-техникалық мектептердің түлектеріне, 49.6-тармақта көрсетілгендерден басқаларға жұмысты бастар алдындағы демалыс уақыты үшін ұйымдар төлейтін сома;

- ұйымдар жоғары және арнаулы орта оқу орындарына оқуға жіберген студенттер мен оқушыларға өз қаржысы есебінен төленетін шәкіртпұл.

81. Оқу процесін ұйымдастыруға (оқу материалына, үй-жайды жалға алуға, ағымдағы жөндеу жүргізуге, т.с.с.) арналған шығындар.

7.2. Ұйымның қызметкерлерінің тұрған үйіне арналған шығындары

82. Тұрғын үйді күтіп-ұстауға (ағымдағы жөндеуге, т.с.с.) арналған шығындар. *)

Ескерту:

Мұнда да және бұдан былай да (81; 93.3 және 93.4-тармақтар қараңыз) күрделі құрылысқа арналған шығындар енгізілмейді.

83. Қызметкерлерге үй салу, сатып алу, тұрғын үй жағдайларын жақсарту үшін берілетін материалдық көмек, субсидиялар, осы мақсаттарға, т.с.с. арнап берілген қарыздарды (соның ішінде ипотек) өтеу үшін шығындар.

7.3. Әлеуметтік сақтандыру қорынан және басқа бюджеттен тыс қорлардан берілетін жәрдемдер

84. Әлеуметтік сақтандыру жөніндегі жәрдемдер: уақытша еңбекке жарамсыздық, екіқабат болуы және бала тууы, туған-туысқанын жерлеу, т.с.с.

85. Қызметкер жарақат алған немесе денсаулығына өзге де зиян келген жағдайда оның жалақысы мен басқа да шығындарын өтеу және әлеуметтік сақтандыру қорынан, зейнет қоры мен басқа да бюджеттен тыс

қорлардан төлемдер.

7.4. Өзге де төлемдер мен шығындар

86. Авторлық қаламақы.

87. Жаңалық ашқаны, өнертабыстары мен рационализаторлық ұсыныстары үшін сыйақылар.

88. Заңдарда белгіленген нормалар шегінде және олардың тыс қызмет бабындағы іссапар кезі үшін шығындары (тәуліктік шығындары қосу).

89. Қызметкерлерді басқа жұмысқа ауыстыруға, жіберуге және жұмысқа қабылдауға байланысты шығындарды өтеу.

90. Жеке меншік автомобильдерді Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген нормалар шегінде және олардан тыс қызметтік сапарларға п а й д а л а н ғ а н ы ү ш і н ө т е м .

91. Егін жинау мен жемшөп дайындауға немесе монтаждау, реттеу, құрылыс жұмыстарын атқару үшін іссапарға жіберілген қызметкерлерге тәуліктік және пәтерлік ақылар орнына Қазақстан Республикасының Үкіметі көздеген мөлшерде негізгі жұмыс орнында сақталатын орташа жалақы сомасы.

92. Қызметкерлерге берілген арнаулы киімнің, арнаулы аяқкиімнің және басқа жеке қорғану құралдарының, сабын мен басқа да жуатын, залалсыздандыратын құралдардың, сүт пен емдеу-профилактикалық тамақтанудың немесе, егер әкімшілік оларға бермеген жағдайда, өздері арнаулы киім, арнаулы аяқкиім және басқа жеке қорғану құралдарын сатып алуға жұмсаған шығындарының өтемі.

93. Мәдени-ағарту, сауықтыру және басқа шаралар жүргізуге кеткен шығындар (6-тарауда, мәселен, 63, 64, 66, 70 және басқа тармақтарда көрсетілген с о м а д а н б а с қ а) .

93.1. Мәдени-бұқаралық, денешынықтыру және спорт шараларын өткізу үшін ү й - ж а й ж а л д а у .

93.2. Демалыс кештерін, дискотекалар, спектакльдер, концерттер, лекциялар, пікірталастар, ғылым және өнер қайраткерлерімен кездесулер, спорт шараларын ө т к і з у .

93.3. Медициналық пункттерді, кітапханаларды,

профилакторийлерді, санаторийлерді, демалыс үйлерін және ұйымның балансындағы немесе үлес қосу шарты бойынша ұсынылатын басқа да сауықтыру мекемелеріне кететін шығындар.

93.4. Асханалар ұстау және тамақтандыру жөніндегі басқа да қызметтер көрсету жөніндегі шығындар.

93.5. Мектеп жасына дейінгі мекемелердегі, санаторийлердегі және сауықтыру лагерьлеріндегі балалардың қымбаттаған тағамдары құнының өтемі.

93.6. Көркемөнерпаздар үйірмесіне қатысушылар үшін театр костюмдерін, спорт киімдерін, спорт бұйымдарын сатып алуға кеткен шығындар немесе оларды жалдағаны үшін жұмсалатын ақы.

93.7. Ұйымның балансындағы немесе үлес қосу шартымен ұсталатын емдеу-профилактика мекемелері үшін дәрі-дәрмектер сатып алуға кеткен шығындар.

93.8. Үйірмелерді, курстарды, студияларды, клубтарды, халық университеттерін, факультеттерді, көркем өнер бұйымдарының көрмелерін, жәрмеңкелер, балалардың ойын бөлмелерін, т.с.с. ұйымдастыру жөніндегі шығындар.

93.9. Бау-бақша серіктестіктерін көркейту жөніндегі (жол салу, энергиямен және сумен жабдықтау, құрғату және басқа жалпы сипатты шығындар), гараждар салу жөніндегі шығындар.

8. Қызметкерлердің табыстары (дивидендтері, проценттері)

94. Ұйымдар қызметкерлерінің акциялар бойынша төлемге қосылған сома ретінде алған табыстары және ұйымның меншігіне қатысудан алған басқа да табыстары (дивидендтер, проценттер, үлес пайы жөніндегі төлемдер, т.с.с.) жалақы құрамына кірмейді, ал тек еңбек жөніндегі есеп берулерде бөлек көрсетіледі.

9. Барлық әлеуметтік сақтандыру түрлері бойынша

жалақы қорынан бөлінетін жарналар

95. Ұйымдар өз қызметкерлерін ауыруына, мүгедектігіне, жұмыссыздығына, зейнетке шығуына, т.с.с. байланысты жәрдемдермен қамтамасыз ету үшін жалақы қорынан мына қорларға белгіленген мөлшерде жарналар бөліп отырады:

- әлеуметтік сақтандыру қоры;
- зейнетақы қоры;
- міндетті медициналық сақтандыру қоры;
- жұмыспен қамтуға жәрдемдесу қоры;
- және басқа да бюджеттен тыс қорлар.

Бұл Нұсқама 1997 жылдың 1 қаңтарынан бастап енгізіледі және осыған байланысты Қазақстан Республикасының Статистика және талдау жөніндегі мемлекеттік комитеті 1993 жылғы 2 қарашадағы N 232 қаулысымен бекіткен Жалданып жұмыс істейтіндердің саны мен жалақысы статистикасы жөніндегі Нұсқаманың күші жойылды.

Әлеуметтік және демографиялық статистика

бас басқармасының еңбек және халықты
жұмыспен қамту статистикасы бөлімі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК